



"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 20 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 201 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 2308 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 25.01.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 ақпандағы № 20 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2147 болып тіркелген, 2014 жылдың 17 сәуірінде № 51-52 (17908-17909) "Ақ-жол" және № 41 (17914) "Знамя труда" газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіне келісі толықтырулар енгізілсін :

15 тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"-заң актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі, Премьер-Министрі, әкімдік және әкім актілерін "Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауының жобасын дайындау, келісу және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және

Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығына, Қазақстан Республикасының өзге заңдарына сәйкес орындауды ұйымдастыру;"

15 тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) аймақтағы мемлекеттік этносаясатты іске асыруға жәрдемдесу:

облыстағы этномәдени бірлестіктердің және басқа қоғамдық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру, этностардың мәдениеті мен тілдерін өркендетуге және дамытуға практикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық келісімді нығайту, халықтық дәстүрлер мен кәсіпшілікті насихаттау бойынша белсенді жұмысқа тарту;

облыс Қазақстан халқы ассамблеясының қызметін ғылыми-сараптамалық қолдауды іске асыру;

этносаралық және қоғамдық келісім, толеранттылық мәселелері бойынша халыққа ақпараттық-түсіндіру және консультативтік көмек көрсетуді іске асыру;

Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің (кәсіпорындардың) тізбесі" мынадай мазмұндағы 3 тармақпен толықтырылсын:

"3. "Жамбыл облысы әкімі аппаратының Қазақстан халқы ассамблеясының Достық үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі."

2. Облыс әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.Рахманбердиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев

